



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1135874/2025/1

04.09.2025 жылғы

АО "Казакхтелеком" атынан, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Бас директор - жобаларды басқару жөніндегі директор Дөненбай Ғазиз Болатұлы негізінде әрекет ететін 22.07.2025 жылғы №54 сенімхат негізінде, атынан, бір тараптан, және "Смарт Нетворк ЦА" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Заңды тұлғаның уәкілетті органымен тағайындалған(таңдалған) басқарушы ЧЕРНЫШОВ ИВАН НИКОЛАЕВИЧ негізінде әрекет ететін Жарғы, , атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, ал жеке жоғарыда көрсетілгендей «Тарап» деп аталып, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз № 193) «Самұрық-Қазына» Әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі - Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1135874 негізінде, тауарды сатып алу туралы осы шартты жасасты (бұдан әрі - Шарт) және төмендегі туралы келісімге келді.

Әлеуетті өнім беруші осы шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет етуші кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулердің, тыйымдардың болмайтынын;
- осы шартқа қол қоярдың алдында барлық өзінің кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және теңестіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге шартқа қол қойылған сәттен бастап тауар Өнім берушінің меншік құқығына тиесілі екенін, тауарға қатысты үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары және (немесе) ауыртпалықтары жоқ екенін, оның ішінде: тауарды иеліктен шығару тыйымы салынбағанын, кепіл заты және үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің өзге тәсілі болып табылмайтын, тауарға қатысты заңдық талаптардың жоқ екенін, тауардың заңнама талаптары бойынша айналымнан алып тасталмағанын және айналымда шектелмегенін, Қазақстан Республикасының аумағында сатуға тыйым салынбағанын растайды және кепілдік береді.

1.3. Жеткізуші PDU қуат тарату блоктарының жиынтығын (бұдан әрі-Тауар) Алматы қ. (бұдан әрі – тағайындалған орын) бойынша INCOTERMS 2010 –DDP талаптарындағы бағалар, параметрлер және өзге талаптар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді және шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1, 2, 2.1 қосымшада көрсетілген сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесіне сәйкес монтаждау және іске қосу-реттеу бойынша қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы шарттың талаптарында тауар мен қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.4. Төменде аталған қосымшалар және оларда айтылған талаптар осы шарттың құрамына кіреді және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда: 1) № 1 қосымша – "Тауарлардың, жұмыстардың мен қызметтердің тізбесі"; 2) № 2 қосымша - "Техникалық ерекшелік"; 3) №2.1 қосымша - "Егжей-тегжейлі ерекшелік"; 4) № 3 қосымша - "Тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің елішілік құндылығының болжамды/нақты есебі"; 5) № 4 қосымша - "Тауарды қабылдау-беру актісінің нысаны"; 6) № 5 қосымша - "Көрсетілген қызметтер актісінің нысаны"; 7) №6 қосымша - " Жабдықты пайдалануға енгізу актісінің нысаны"; 8) № 7-қосымша – «Жабдықты пайдалануға түпкілікті қабылдау актісінің нысаны».

1.5. Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауар жаңа, тұтынылмаған (қолданылмаған немесе пайдаланылмаған) күйінде берілуі, сондай-ақ Шарттың барлық талаптарына және осы тауарға қойылатын заңнама талаптарына сәйкес келуі тиіс.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 233303350.90 (екі жүз отыз үш миллион үш жүз үш мың үш жүз елу теңге, тоқсан тиын) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Межелі жерге дейін тасымалдауды қоса алғанда, шарт бойынша жеткізілетін тауардың құны ҚҚС қоса алғанда 227 303 327,78 (екі жүз жиырма жеті миллион үш жүз үш мың үш жүз жиырма жеті) теңге 78 тиын құрайды , оның ішінде ҚҚС 24 353 927,98 (жиырма төрт миллион үш жүз елу үш мың тоғыз жүз жиырма жеті) теңге 98 тиын.

2.3. Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құны , ҚҚС қоса алғанда 6 000 023,12 (алты миллион жиырма үш) теңге 12 тиынды құрайды, оның ішінде ҚҚС 642 859,62 (алты жүз қырық екі мың сегіз жүз елу тоғыз) теңге 62 тиын.

2.4. Шарттың ҚҚС-сыз бағасы 208 306 563,30 (екі жүз сегіз миллион үш жүз алты мың бес жүз алпыс үш) теңге 30 тиын, 12% ставка бойынша ҚҚС 24 996 787,60 (жиырма төрт миллион тоғыз жүз тоқсан алты мың жеті жүз сексен жеті) теңгені 60 тиынды құрайды.

2.5. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.





2.6. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.7. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.7.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.7.2. Фактура шоттар;

2.7.3. Тауарды қабылдау - беру актісі (екі тарап қол қойған);

2.7.4. Тауарды қабылдау - беру актісінің күні Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойған күні болып есептеледі.

2.8. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.9. Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін төлем мына құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.9.1. Көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі;

2.9.2. Фактура-шот (қызметтер);

2.9.3. Жабдықты пайдалануға түпкілікті қабылдау актісі;

2.9.4. 2.9.1-2.9.3 тармағында көрсетілген құжаттарды ұсыну күні Тапсырыс берушінің жабдықты пайдалануға түпкілікті қабылдау актісіне қол қою күні болып саналады.

2.10. Тапсырыс беруші төлемге тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды ұсынбаған/ уақтылы ұсынбаған/ тиесілі түрде ұсынбаған жағдайда төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.11. Салық мөлшерлемесі бойынша ҚҚС салық міндеттемесінің туындауына және Өнім берушінің фактура шотты ұсынуына қарай төленеді.

2.12. Жеткізілетін тауардың әрбір бірлігінің бағасы мен көлемі сатып алынатын тауардың тізбесінде көрсетілген (шартқа №1 қосымша) және тұрақты болып табылады және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде өзгертілмейді.

2.13. Егжей-тегжейлі ерекшелікте көрсетілген шарт бойынша қызметтердің құны (Шартқа № 2.1 қосымша) Өнім берушінің мамандарын іссапарға жіберу жөніндегі барлық шығыстарды, олардың Қазақстан Республикасында тұруын қоса алғанда, сондай-ақ жалақыны, сақтандыруды және олардың міндеттемелерін орындауға байланысты басқа да шығыстарды және шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезеңінде шеккен барлық басқа шығыстарды қамтиды.

2.14. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы шарт бойынша барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында, теңгемен жүргізіледі.

2.15. Төлем осы шартта көрсетілген банктік деректемелер бойынша жүргізіледі.

3. Тауарды жеткізу және қызметтерді көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Тауарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге DDP (ИНКОТЕРМС 2010), Қазақстан Республикасы шарттарымен мынадай мекенжай бойынша жеткізеді: 050016, Алматы қ, 2-я Гончарная көшесі, 145А үй, Тауар қабылдаушы: «Телеком-Жинақтау» Дирекциясы, БИН: 980741000528.

3.2. Тауарды жеткізу күні Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қойған шығыс жүкқұжатына сәйкес тауардың жеткізу орнына Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күн болып есептеледі.

3.3. Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау күні Тапсырыс берушінің қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген тауарды нақты қабылдау күні болып есептеледі. Тауарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге қабылдау-беру актісіне сәйкес саны мен сапасы бойынша және шартқа №1, №2.1 қосымшаларға сәйкес береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қол қойған қабылдау-беру актісінде көрсетілген тауарды нақты қабылдаған күннен бастап Өнім берушіден тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

3.4. Қызмет көрсету күні шартқа №5 қосымшада көрсетілген нысан бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күн болып есептеледі.

3.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын тауарды жөнелтуге (беруге) дайын болу мерзімі туралы жазбаша хабарлайды. Өз тарапынан Тапсырыс беруші хабарламаны алған сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Өнім берушіге тауарды өнім беруші ұсынған мерзімде қабылдауға дайын екендігі туралы немесе тауарды тиеп-жөнелтудің (берудің) өзге де ұсынылатын мерзімі





туралы жазбаша хабарлайды. Егер Тарап тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде одан қандай да бір жазбаша қарсылықтар түспесе, хабарламада ұсынылған тауарды тиіп-жөнелту (беру) мерзімі келісілген болып есептеледі.

3.6. Жеткізілетін тауарда келесі ілесіп құжаттар болуы керек:

3.6.1. Әр қаптаманың ішіндегісін көрсетете отырып, қаптама парағының көшірмелері (әр қаптамаға 1 (бір) дана);

3.6.2. Фактура шот- (1 (бір) дана);

3.6.3. Жүкқұжаттың түпнұсқасы; (2 (екі) дана) (Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қол қойған шығыс жүкқұжатының екі данасының бірі көрсетілген шығыс жүкқұжаты бойынша тауарды алуға арналған сенімхаттың түпнұсқасымен бірге өнім берушіге қайтарылуы тиіс);

3.6.4. Сертификаттау саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органымен берілген Тауардың сәйкестік сертификатының белгіленген үлгісінің түпнұсқасы немесе көшірмесі (Тауардың әр түріне 1 (бір) дана) немесе Кедендік одақ декларациясы (егер сатып алу талаптарымен көзделген жағдайда).

3.7. Өнім беруші тауарды қоймаға жеткізу/тауарды (партияны) жүк жөнелтушіге беру күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей Тапсырыс берушімен жеткізілетін тауардың жөнелту құжаттарын келісуі тиіс.

3.8. Жеткізуші ілесіп құжаттардағы ақпараттың дұрыстығына жауапкершілік көтереді.

3.9. Тауарды жеткізу бөгде көлік ұйымын тарту арқылы жүргізіледі. Бұл жағдайда, Өнім беруші өз атынан тауарды тасымалдауға шарт жасауға, тауардың жөнелтілуін қамтамасыз етуге, көлік ұйымының жеткізу бойынша қызметтеріне ақы төлеуге міндеттенеді. Бұл ретте, Өнім беруші көлік ұйымының әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін шартқа сәйкес жауапты болады.

3.10. Өнім берушінің жазбаша сұрауы бойынша Тапсырыс беруші монтаждау жұмыстары басталғанға дейін мыналар секілді, алайда олармен шектелмей: тасымалдау, тауарды монтаждау орнына бару үшін қажетті арнайы рұқсаттар, жүргізілетін ғимараттар мен монтаж алаңдарына өту үшін рұқсаттар, монтаждау жұмыстарының орындалуына байланысты талап етілуі мүмкін барлық рұқсаттарды алуы және ұсынуы тиіс. Шарттың 4.1.7-тармақшасына сәйкес тексеру жүргізу қажет болған жағдайда, Өнім беруші тексеру басталғанға дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын жазбаша сұрау салуды жіберген жағдайда, мұндай рұқсаттамалар мен рұқсаттарды Тапсырыс беруші тексеру жүргізудің жоспарланған басталу күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей беруі тиіс.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түріндегі шарттың жалпы құнынан % 1.00 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс

беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.3. Банк кепілдігі мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

4.1.3.1. Банк кепілдігінің түрі (шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі)

4.1.3.2. Банктің атауы.

4.1.3.3. Банк кепілдігінің (кепілдік міндеттемесінің) нөмірі.

4.1.3.4. Банк кепілдігінің күні.

4.1.3.5. Өнім берушінің атауы.

4.1.3.6. Шарттың нөмірі мен күні.

4.1.3.7. Шарттың мәні.

4.1.3.8. Банк кепілдігінің сомасы.

4.1.3.9. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі.

4.1.4. Шарт талаптарында қызмет көрсету, іске қосу-жөндеу жұмыстарына фактура шоттар ұсынуға.

4.1.5. Техникалық ерекшелік талаптарына және шарт талаптарына сәйкес объектілерді пайдалануға беруге.

4.1.6. Шарт талаптарына сәйкес тауарға кепілдік техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға.





4.1.7. Қандай орнату материалы қажет екенін анықтау және кез келген ықтимал мәселелерді тексеру үшін барлық учаскелерді/станцияларды өз есебінен тексеру/зерттеу. Тексеру фактісі бойынша Тапсырыс беруші тауарды орналастыру үшін үй-жайларды дайындау бойынша қосымша жұмыстарды орындау қажет болған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің өкілдерімен бірлесіп, талап етілетін жұмыстарды, орындалу мерзімдерін және жауапкершілікті шектеуді көрсете отырып, хаттама дайындайды және Тапсырыс берушіге тауарды монтаждау басталғанға дейін кемінде 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын қол қойылған хаттаманы ұсынады;

4.1.8. Тауарды жүкқұжат және Шарттың мәніне сәйкес тауарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны жазу.

4.1.9. Қазақстан Республикасының/Кеден одағының сәйкестік сертификатын немесе тауарды пайдалануға беру сәтіне Кеден одағының сәйкестігі туралы декларацияны ұсыну. Барлық сертификаттау шығындарын жеткізуші өз мойнына алады.

4.1.10. Өз есебінен тауарды орнату және монтаждау орнына жеткізуді жүзеге асыру.

4.1.11. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.11.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.12. Өнім беруші тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған кезде Өнім беруші жеткізген тауардың өндірушінің зауыттарында өндірілгенін растайтын өндірушіден не оның ресми өкілінен жана, пайдаланылмаған және қалпына келтірілмеген хат ұсынуы тиіс.

4.1.13. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.14. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.1.15. Тауарды қабылдау-тапсыру процесінде тауардың сапасын, санын, сондай-ақ тауардың шарттың талаптарына (техникалық ерекшелігіне және нысанына) сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға;

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Тапсырыс берушіден қызметтерді уақтылы қабылдауды және орындалған қызметтер актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушіден шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге (Егер қамтамасыз етуді Өнім беруші енгізген болса) Қазақстан Республикасының заңнамасында, тәртіпте және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға.

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.2.6. Тапсырыс берушімен жеткізу мерзімдерін алдын ала келісе отырып, тауарларды мерзімінен бұрын жеткізуді және партиялармен жеткізуді жүзеге асыруға.

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Өнім берушіге енгізілген қамтамасыз етуді шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (егер қамтамасыз етуді Өнім беруші енгізген болса) шарттың орындалуын қайтаруға;

4.3.5. Жеткізілетін тауарды жеткізу орнында және шартта көрсетілген мерзімде қабылдауға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Өнім берушіден келтірілген тұрақсыздық айыбы мен залал сомасын төлеуді талап етуге.

4.4.5. Өнім беруші тауарды мерзімінен бұрын жеткізген жағдайда, тауарды қабылдап, шарт талаптарына сәйкес ол үшін төлем жасауға.





4.4.6. Осы шартта белгіленген көлемде, мерзімде және сапада тауарды жеткізуді талап етуге.

4.4.7. Осы шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

5. Тауарды және көрсетілген қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың оның техникалық ерекшелікке және шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдау Тапсырыс беруші өкілдерінің тексеру жолымен және осы шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Өнім берушіге тауарды жеткізген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде не қабылдаудың әдеттегі тәсілімен (жасырын ақаулар) анықталмайтын ақаулар анықталған кезде ұсынады. Егер жеткізуші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым жеткізуші мойындаған болып саналады.

5.4. Тауардың жеткіліксіз саны мен талап етілетін сапасы анықталған жағдайда Өнім беруші хабарламаны алған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тауардың жеткізілмеген және сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді, бұл ретте тауардың жеткізілмеген бөлігін жеткізу жөніндегі шығыстар өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады.

5.5. Жеткізуші 3.5-тармақшаға сәйкес шарт жөнелту басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын Тапсырыс берушіге тауардың жөнелтуге дайындығы туралы хабарлайды.

5.6. Тауарды орындар саны бойынша түсіру мен қабылдауды алушы филиал межелі жерде жүзеге асырады. Түсіру және қабылдау кезінде алушы филиал Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес құжаттар жасайды және оларға қол қояды.

5.7. Саны мен жиынтықтылығы бойынша жеткізілген тауарға ескертулер болмаған жағдайда, Тараптар тауар тағайындалған жерде Тапсырыс берушінің қоймасына келген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шартқа № 4 қосымшада көрсетілген нысан бойынша жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды. Қаптаманы ашу және келіп түскен тауардың техникалық ерекшелікке және тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізбесіне сәйкестігін тексеру" (Шартқа № 1 қосымша) монтаждау орнында жүзеге асырылады.

5.8. Тапсырыс берушінің жеткізілген тауарға ескертулері болған жағдайда, Өнім беруші шарттың 5.3 және 5.4-тармақтарына сәйкес барлық ескертулерді жойғанға немесе ауыстырғанға дейін тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймауға құқылы.

5.9. Өнім беруші жеткізетін тауарға меншік құқығы тауарды қабылдау – тапсыру актісіне қол қойылған сәттен бастап Тапсырыс берушіге өтеді.

5.10. Тәуекелдердің ауысуы. Тауарды жеткізу күніне дейін тағайындалған жерге дейін кездейсоқ жоғалту және/немесе бүліну қаупін Өнім беруші көтереді. Өнім беруші Шарттың 4.1.10-тармағына сәйкес жабдықты орнатылатын жеріне дейін тасымалдау және монтаждау кезінде тауар үшін жауапкершілік көтереді. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған сәттен бастап тауарды межелі жерге жеткізгенде және тауар монтаждау орнына түскенде тауардың кездейсоқ жоғалу және/немесе бүліну тәуекелін көтереді (Егер тауарды орнату орнына дейін жеткізу және оны монтаждау сатып алу талаптарында көзделген жағдайларда).

5.11. Өнім беруші Тапсырыс берушіден тауар орнатылатын өндірістік алаңдардың дайындығы туралы хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қызмет көрсетуге кіріседі, Өнім беруші беретін ұсынымдарға сәйкес Өнім беруші тауарды орнату орындарын тексеруді орындағаннан кейін, алайда кез келген жағдайда шарттың 3.1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде беретін болады.

5.12. Егер Тапсырыс беруші шарттың 3.10 және 5.11-тармақтарында айтылған талаптарды орындамаса, Өнім беруші Тапсырыс беруші тарапынан кідіріс фактісі және қызмет көрсету мерзімін ұзарту туралы хабарламаны Тапсырыс берушіге дереу жіберуі тиіс. Өнім берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауы керек және қажет болған жағдайда Қызметтерді ұсыну мерзімін кешіктіру мерзіміне ұзартуы керек.

5.13. Өнім беруші шарттың 3.1-тармағында көрсетілген мерзімдерде: 1) Тапсырыс беруші Шарттың 3.10-тармағына сәйкес қызмет көрсету үшін жоспарланған күнге дейін барлық қажетті рұқсаттарды алған және ұсынған; 2) Шарттың 5.11-тармағына сәйкес тауарды орнату орындары уақтылы дайындалған; 3) қызмет көрсетудің аяқталу мерзімі Тараптардың өзара келісімі бойынша ұзартылмаған болғанда Өнім беруші қызметтерді орындауға міндеттенеді.

5.14. Тапсырыс беруші осы шарттың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің техникалық талаптарына сәйкес тауарды монтаждауға, баптауға, өлшеулер мен сынақтар жүргізуге толық жауапкершілік көтереді.

5.15. Тапсырыс беруші Өнім берушінің мамандарына Тапсырыс берушінің объектілеріне монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу, өндірісті техникалық бақылау және тауарды қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізу үшін қолжетімділікті ұсынуға міндетті.

6. Тауарды (жабдықты) қабылдау-тапсыру сынақтары, пайдалануға беру

6.1. Тауар (жабдық) инфрақұрылым мен жабдықты монтаждау орындары дайын болған жағдайда, шарттың 3.1-тармағында көрсетілген мерзім ішінде пайдалануға берілуі тиіс. Жабдықты пайдалануға беру күні Жабдықты түпкілікті пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күн болып есептеледі (шартқа №7-қосымша).

6.2. Жабдықты пайдалануға беру бойынша сынақтар келісілген желі сынақтарын жүргізу әдістемесіне сәйкес монтаждау, баптау және өлшеу аяқталғаннан кейін жеткізуші мен Тапсырыс берушінің мамандарымен бірлесіп жүргізілетін болады.





6.3. Егер Кеден одағының немесе Еуразиялық экономикалық одақтың жеткізілген тауарға сәйкестігі туралы сертификат немесе декларация ұсынылса, қабылдау комиссиясының пайдалануға қабылдау туралы актісіне қол қойылады.

6.4. Жабдықты пайдалануға қабылдау Өнім беруші өкілінің міндетті қатысуымен Қоғам филиалының қабылдау комиссиясы жүргізеді. Егер қабылдау-тапсыру сынақтары сәтті жүргізілген жағдайда, яғни Жабдықтың жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін ешқандай ақаулар немесе кемшіліктер анықталмаған жағдайда, Тапсырыс беруші (жабдық орнатылған филиал тұлғасында) жабдықты пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қояды. Тапсырыс беруші филиалының қабылдау комиссияларының актілері негізінде көрсетілген қызметтер актісіне (Шартқа №5 қосымша) және жабдықты пайдалануға алдын ала қабылдау актісіне (Шарттың №6 қосымшасы) қол қойылады. Жабдықпен жұмыс істегенде жұмысқа жарамдылығына әсер етпейтін, болмашы ақаулар мен қателер, сондай-ақ оларды жою мерзімі алдын ала қабылдау актісіне жазылады.

6.5. Сынақтарды коммерциялық жүктеме бойынша жүргізу қажет болған жағдайда, жабдықты тәжірибелі пайдалануға қабылдауға жол беріледі, бұл ретте, Қабылдау комиссиясы жабдықтың тәжірибелі пайдалану мерзімін көрсете отырып, тәжірибелі пайдалануға жабдықты қабылдау туралы Қабылдау комиссиясының актісіне қол қояды.

6.6. Жабдықты алдын ала қабылдау актісінде көрсетілген барлық ескертулер жойылғаннан кейін немесе тәжірибелі пайдалану кезеңі аяқталғаннан кейін (тәжірибелі пайдалануға қабылдау жағдайында) және сәйкестік туралы сертификат/декларация ұсынылғанда (4.1.9) Өнім беруші тарапынан шарт бойынша барлық талаптар мен міндеттемелердің орындалғаны туралы куәландыратын және екі Тарап қол қоюы тиіс түпкілікті қабылдау актісіне қол қойылады.

6.7. Егер Өнім беруші қателерді жойғаны және жабдықты қабылдауға дайын екені туралы хабарламадан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Өнім беруші қол қойылған жабдықты түпкілікті пайдалануға қабылдау актісін немесе Тапсырыс берушінің қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша негізделген түсініктемесін алмаса, онда тек Өнім беруші қол қойған жабдықты түпкілікті пайдалануға қабылдау актісі жарамды болып саналады.

6.8. Тапсырыс берушіде жабдық сынақтарының қорытындыларына секілді тұтастастай алғанда жабдыққа ескертілер болмағанда, алдын ала қабылдау актісіне және жабдықты түпкілікті пайдалануға қабылдау актісіне бір уақытта қол қойылуы мүмкін.

7. Қаптама және таңбалау

7.1. Тауар тиісті қаптамаға салынуы керек. Қаптама жеткізу орнына дейін және қойма үй-жайларында сақтау кезінде тиісті көлік түрімен тасымалдау кезінде тауардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға, басқа нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес келуі керек. Қаптама қолмен және механикалық (жүк көтергішпен) тиеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

7.2. Қаптама (ыдыс) орыс және қазақ тілдерінде суға төзімді және өшпейтін бояумен таңбаланады. Таңбалау нақты болуы және барлық қажетті мәліметтерді қамтуы керек:

7.2.1. Тапсырыс беруші;

7.2.2. Жүк алушы;

7.2.3. Шарт нөмірі;

7.2.4. Тауар өндірушісі;

7.2.5. Тауар саны;

7.2.6. Тауар белгісі;

7.2.7. Тауардың шартты белгісі;

7.2.8. Орын нөмірі (жәшік, контейнер);

7.2.9. Вес нетто, вес брутто;

7.2.10. Ыдыстың өлшемдері см. (ұзындығы, биіктігі, ені);

7.2.11. Таңбалаудың басқа да белгілері болуы мүмкін, олардың болуы тауардың ерекше сипатымен болжанады.

7.3. Өнім беруші экспорттық қаптама стандарттарына сәйкес келетін күшейтілген қаптамада, көліктің кез келген түрімен қауіпсіз тасымалдауда және осындай түрдегі тауарды сақтауда тауарды (тауардың кез келген және барлық құрамдас (жинақтаушы) бөліктерін) беруді қамтамасыз етеді.

7.4. Тапсырыс беруші сақтау бойынша техникалық және климаттық талаптар негізінде тиісті сақтау шарттарын қамтамасыз етуі тиіс.

7.5. Тауар ыдысқа салынып, оның бүлінуін, бүлінуін және (немесе) жойылуын болғызбайтындей етіп жеткізуші буып-түйуі тиіс. Қаптама ешқандай шектеусіз қарқынды Көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде, сондай-ақ ашық сақтау кезінде экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның әсеріне төтеп беруі тиіс.

7.6. Өнім беруші сенімсіз қаптамамен және дұрыс таңбаланбаумен байланысты барлық шығындар және/немесе ақаулар үшін толық материалдық жауапкершілік көтереді.

8. Кепілдіктер, сапалар және жарнамалар

8.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік





береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің елі үшін қалыпты талаптарда жеткізілген тауарды қалыпты пайдаланған кезде, жеткізілген тауарда конструкциясына, материалдарына немесе жұмыспен байланысты ақауларының болмайтынына кепілдік береді.

8.2. Өнім беруші жабдықты түпкілікті пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап 60 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде тауардың сапасына кепілдік береді.

8.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап, Өнім беруші өз есебінен күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде ақаулы тауарды жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

8.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

8.5. Жеткізілген тауардың сапасы және/немесе жиынтықтылығы мәселелері бойынша шағымды (жарнамалауды) Тапсырыс беруші Өнім берушіге: а) жиынтықтылығы бойынша - тауарды қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмеген; б) сапасы бойынша – кепілдік кезеңі ішінде ұсынады. Өнім беруші шағымды (жарнаманы) алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға міндетті. Егер Өнім беруші аталған мерзімде жауап бермесе, мұндай шағым (жарнама) Өнім беруші мойындаған болып саналады.

8.6. Кепілдік тауарды жеткізуді сүйемелдейтін техникалық құжаттамада көрсетілген тауарды пайдалану жөніндегі талаптардың бұзылуынан туындаған ақауларға қолданылмайды.

8.7. Ауыстырылған немесе жөнделген тауар үшін кепілдік мерзімі жөнделген және (немесе) ауыстырылған тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылған күннен басталады. Ақаулы тауарды жөндеу немесе ауыстыру жөніндегі барлық шығыстарды және басқа да ілеспе шығыстарды, оның ішінде кедендік тазалау мен тасымалдауға байланысты шығыстарды да Өнім беруші шартта көзделген жеткізу талаптарында көтереді. Өнім беруші кепілдік кезеңі ішінде тауарды жөндеуді немесе ауыстыруды, бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуді (қателерді жою, жабдыққа БҚ-ның өзекті (кепілдік кезеңі ішінде күні бойынша соңғы) нұсқасын жүктеу және орнату және т.б.), аварияларды жоюды қамтамасыз етуі тиіс.

8.8. Өнім беруші жаңа, қолданылмаған (пайдаланылмаған) тауарды жеткізуді жүзеге асырады және жеткізілетін тауардың жоғары сапасына кепілдік береді. Тауардың саны, номенклатурасы мен сапасы сатып алынатын тауардың тізбесіне (Шартқа №1, 2.1 қосымша), техникалық ерекшелікке (Шартқа №2 қосымша), тауардың әрбір түріне арналған нормативтік құжаттардың (MEMCT, CT, CCT, TШ, техникалық тәртіптеме және т.б.) талаптарына сәйкес келуі тиіс.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

9.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

9.2.2. Елішілік құндылық үлесі бойынша міндеттемелер орындалмаған не елішілік құндылық бойынша дұрыс емес есептілік ұсынылған жағдайда Өнім беруші шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік көтереді.

9.2.3. Өнім беруші шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін шарт бойынша орындалмаған міндеттемелердің сомасынан 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын өсімпұл төлейді;

9.2.4. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, шарттың 14-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.2.5. Өнім беруші шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт бойынша орындалмаған міндеттеме сомасының 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеме сомасының 10% - нан аспайтын өсімпұл төлейді.

9.2.6. Шарттың 10.3.3 қоспағанда, 10.3-тармақта көрсетілген негіздер бойынша шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.3. Тапсырыс беруші осы шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл, тұрақсыздық айыбы (айыппұл) сомасын осы шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан (оның ішінде енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомаларынан, сондай-ақ Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы өзге де сомаларынан/берешегінен) ұстап қалуына келіседі), Тапсырыс беруші шарттың 9.11-тармағының талаптарына сәйкес өсімпұл, тұрақсыздық айыбы сомасын ұстап қалу туралы Өнім берушіге хабарлайды.

9.4. Егер Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді 4.1.2-тармақта белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда. Тапсырыс беруші





сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Тапсырыс беруші Қордың сенімсіз Өнім берушілерінің тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін белгіленген тәртіпте сатып алу жөніндегі қор операторына ақпарат жібереді.

9.5. Егер жеткізілген тауар сапасы бойынша стандарттарға, өзге құжаттамаға немесе шарттың талаптарына сәйкес келмесе, сондай-ақ егер жинақталмаған тауар жеткізілсе, Өнім беруші оны өзгертеді немесе тиісті сападағы тауарға толықтырады. Егер Өнім беруші Тараптар белгілеген мерзімде тауардағы ақауларды жойса немесе оны толықтырса, осы тармақта көзделген тұрақсыздық айыбы алынбайды. Тауарды жеткізу мерзімі 30 (отыз) және одан да көп күнтізбелік күнге бұзылған және/немесе тауарды жеткізу мерзімдері бірнеше рет бұзылған (1 реттен артық), ақаулы тауарды ауыстыру мерзімдері сақталмаған не тиісті ерекшелік сақталмаған жағдайда, Өнім беруші орындалмаған міндеттеме сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді.

9.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

9.6.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.6.2. Өнім беруші ұсынған шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, алайда шарттың SHARTTYH_ZHALPY_SOMASYNYH_NE_ORYNDALMAFAN_MINDETTEMENIH_ZHALPY_SOMASYNYH@ 10% - нан аспауы тиіс.

9.6.3. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әр кешіктірілген күнтізбелік күн сомасынан 0,1% мөлшерінде, алайда қабылдау-тапсыру актісінің сомасынан (орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

9.6.4. Өнім берушінің кінәсінен қызметтерді көрсету мерзімдері ұлғайған жағдайда және Тапсырыс беруші шарттың 3.10., 5.11-тармақтары талаптарын орындауды ескере отырып, Тапсырыс беруші жазбаша талап етуге құқылы, ал Өнім беруші осындай талапты алған кезде Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде, алайда орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10% - нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

9.7. Шартты орындаудан негізсіз біржақты бас тартқан немесе шартты біржақты тәртіпте бұзған жағдайда, Шарттың 10-бөлімінде көрсетілген негіздер бойынша кінәлі Тарап екінші Тарапқа шарттың жалпы құнының 10% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.8. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды және / немесе айыппұлды) төлеу Тараптар тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырады.

9.9. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

9.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.11. Өсімпұл төлеу туралы талап жазбаша түрде тиісті түрде ресімделуге тиіс, әйтпесе тұрақсыздық айыбы есептелмейді және төленбейді.

10. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

10.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

10.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

10.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

10.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

10.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

10.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

10.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

10.3.4. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді негізсіз орынсыз сатып алуға байланысты, сатып алу туралы шартты орындаудан бас тарту Тапсырыс беруші Жеткізушіге нақты келтірілген шығыстарды төлеу талаптарында жол беріледі.





- 10.3.5. Өнім берушіге қайта ұйымдастыру және/немесе тарату жөніндегі рәсімдер қозғалғанда;
- 10.3.6. Тапсырыс беруші үшін қолайлы мерзімде жоюға болмайтын кемшіліктері бар, сапасыз тауарды жеткізгенде;
- 10.3.7. Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген мерзімде тауар жеткізілмегенде/қызмет көрсетілмегенде.
- 10.3.8. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.
- 10.3.9. Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.
- 10.3.10. Өнім беруші тауарды жеткізуді (толық/ішінара жеткізуді) жүзеге асырудан бас тартқанда;
- 10.3.11. Өнім беруші тауарды жеткізу/қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзғанда;
- 10.3.12. Өнім беруші Тапсырыс беруші үшін қолайлы мерзімде жойылуы мүмкін емес кемшіліктері бар жеткіліксіз жинақталған тауарды және (немесе) сапасыз тауарды жеткізгенде;
- 10.3.13. Өнім беруші сапасыз тауарды ауыстыру мерзімдерін және (немесе) толық жинақталмаған тауарды толықтыру мерзімдерін бұзғанда;
- 10.3.14. Осы шартты орындау үшін қажетті Өнім берушінің рұқсат беру құжаттарының болмауы не қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 10.3.15. Тапсырыс беруші сүйенген шартты орындау үшін маңызы бар жағдайлар туралы Өнім беруші дәйексіз куәліктерді ұсынғанда;
- 10.3.16. Өнім беруші Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін қандай да бір үшінші Тарапқа бергенде;
- 10.3.17. Өнім беруші біреуге шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ шартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе басқа ақпараттың мазмұнын ашқанда.
- 10.3.18. Егер Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда.

10.4. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты шартты бұзған кезде Өнім беруші шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана шартты бұзған күні төлемді талап етуге құқылы.

10.5. Егер Өнім беруші 4.1.2-тармақта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші біржақты тәртіпте сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және 9.4-т. сәйкес әлеуетті өнім беруші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды.

10.6. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

10.7. Егер шарт тараптардың бірінің кінәсінен бұзылған жағдайда, екінші Тарап кінәлі тараптан шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған залалдар үшін, сондай-ақ қойылған тұрақсыздық айыбы, өсімпұл мен айыппұл сомасы үшін қаржылық өтемақы талап етуге құқылы.

10.8. Өнім беруші екінші Тарапқа бұзылған күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлама жіберу арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы:

10.8.1. Тапсырыс берушінің белгіленген тәртіпте банкрот деп тану, Тапсырыс берушіге қатысты қайта ұйымдастыру немесе тарату жөніндегі рәсімдер қозғалғанда;

10.8.2. Тапсырыс берушінің шарт бойынша төлем жасаудан бас тартқанда.

10.9. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарттың талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

10.10. Егер шарт тараптардың бірінің кінәсінен бұзылған жағдайда, екінші Тарап кінәлі тараптан Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар үшін, сондай-ақ қойылған тұрақсыздық айыбы, өсімпұл мен айыппұл сомасы үшін қаржылық өтемақы талап етуге құқылы.

11. Кепілдік қызметі

11.1. Осы шарт шеңберінде Өнім беруші көрсететін кепілдік қызмет көрсету тауарды жөндеуді/ауыстыруды, БҚ-ны сүйемелдеуді (қателерді жою, БҚ-ның жаңа нұсқаларын жүктеу және т. б.), аварияларды жоюды, телефон, факс немесе электрондық пошта арқылы техникалық мәселелерді шешу мақсатында кеңес беруді (тауардың жұмыс істеуі, пайдаланылуы және конфигурациясы мәселелері





бойынша) қамтуы тиіс.

11.2. Кепілдік мерзім аяқталғаннан кейін техникалық қолдау және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету бойынша қызметтер Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе сатып алуды жүзеге асыратын тәртіпті тәртіптемелейтін Тапсырыс берушінің ішкі актілерінің шеңберінде жасалатын жеке шарттың негізінде көрсетілетін болады.

12. Хат-хабар

12.1. Егер шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың бұл түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

12.2. Осы шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

12.3. Осы шарттың талаптары бойынша факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқаны ары қарай бере отырып, жазбаша нысанда орындалатын, пошталық хабарламасы, факсі немесе электронды поштасы бар хатты алдын ала және қолма қол немесе тапсырыс хатпен беруі тиіс кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар.

12.4. Курьерлік пошта, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама беру сәтінде (бұрын алғаны расталмаған жағдайда) жеткізілген болып есептеледі.

12.5. Пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртаңбасы болған жағдайда тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама жеткізілді деп есептеледі.

12.6. Тараптардың кез келгенінің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, банктік және басқа да деректемелері өзгерген (толықтырылған) жағдайда, ол 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай өзгерістер (толықтырулар) басқа Тарап үшін жазбаша хабарламаны алған күннен бастап не осындай хабарламада көрсетілген күннен бастап, алайда хабарламаның күнінен кешірек жарамды болып есептеледі. Бұл жағдайда, Тараптардың шартқа қосымша келісімге қол қоюы талап етілмейді.

13. Шарттың мерзімі

13.1. Осы шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар шарт бойынша өз толық және тиісінше орындалғанға дейін дейін қолданылады.

14. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

14.1. Тараптар, ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы "Еңсерілмейтін күш жағдайлары" бөлімнің мақсаттары Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс әрекеттері, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты әрекеттерді қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

14.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажорлық болжамды іс-қимылдардың мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) осындай жағдайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

14.3. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары қатарынан 3 (үш) ай бойы әрекет етсе және тоқтату белгілері анықталмаса, осы шартты Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлама жіберу арқылы бұзуы мүмкін.

14.3.1. Бұл жағдайда Тараптар шарттың қолданылуы тоқтатылған кезде орындалмаған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысу жүргізеді (ақшаны қайтару, өзара есеп айырысу жүргізу).

14.4. Тапсырыс беруші, егер ол заңды тұлғаның/жеке кәсіпкердің қызметіне тыйым салуды/шектеуді растайтын құжат болып табылмаса, еңсерілмейтін күш жағдайларының басталғанын куәландыратын уәкілетті орган берген құжатты қабылдауға құқылы.

15. Дауларды шешу тәртібі

15.1. Осы шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

15.2. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде Тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

15.3. Осы шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

16.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.





16.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

16.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

16.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

